КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жыл 9 қыркүйек № 7527-24-00-2/10414 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судья А.Н.Абишеваның төрағалық етуімен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Science and Technology Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ЖАУАПКЕР:
«INFINITY» жеке кәсіпкері.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223–226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Science and Technology Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жауапкер «INFINITY» жеке кәсіпкерінен өнім беруші мемлекеттік сатып алуды жосықсыз деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабы – толығымен қанағаттандырылсын.

Жауапкер «INFINITY» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «INFINITY» жеке кәсіпкерінен «Science and Technology Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 16 500 (он алты мың бес жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 495 (төрт жүз тоқсан бес) тенге мемлекеттік баж мемлекет пайдасына өндірілсін.

Жауапкер «INFINITY» жеке кәсіпкерінен 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж мемлекет пайдасына өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым берілуі, прокурор осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Абишева А.Н.**

Құжатқа қол қойылған: Абишева А. Н., 13.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.10.2024, судья Абишева А. Н., 05.11.2024

7527-24-3-1/11491